

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
Экономика және бизнес жоғары мектебі  
Қаржы және есеп кафедрасы

GA 2206 «Мемлекеттік аудит» пәні бойынша  
**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

4 курс  
«6B04105 – Есеп және аудит»  
мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

Алматы 2022 ж.

Құрастырушы:

Байдаулетов М.,  
«Қаржы және есеп» кафедрасының  
аға оқытушысы, э.ғ.к.

---

«Мемлекеттік аудит» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды «4» қазан 2022 ж., хаттама №3

## **КІРІСПЕ**

«Мемлекеттік аудит» пәні бойынша қорытынды емтихан семестр соңында, 15 аптаның қорытындысы ретінде стандартты **жазбаша түрде** офлайн режимде өткізіледі. Емтихан бағдарламасы 2022 жылдың 30 қыркүйегіндегі №24-03-18-26 «2022-2023 оқу жылының қысқы сессиясында қорытынды бақылау нысаны мен өткізу платформасы бойынша нұсқаулық хаты» негізінде дайындалды.

Студенттің жазбаша емтихан тапсыру процесі оқытушы тарапынан емтихан сұрақтарын 3 блок бойынша алдын ала универ жүйесіне енгізуін талап етеді:

1 блок – оқыту объектісін білу мен түсінуді бағлау мақсатындағы когнитивтік құзыреттілік сұрақтары, 30 баллға бағаланады.

2 блок – мемлекеттік аудиттің рәсімдік негізділігін бағалайтын функционалдық құзреттілік сұрақтары, 30 баллға бағаланады.

3 блок – есеп комитетінің, тексеру комиссиясының, ішкі аудит органдарының қызметтерін ұйымдастыру сұрақтары, 40 баллға бағаланады.

Әр студентке берілетін сұрақтар автоматты түрде қалыптастырылады. Экономика және бизнес Жоғары мектебінің әкімшілігі тарапынан қағаз нұсқасында емтихан сұрақтарынан құралған билет әр студентке жеке беріледі.

**Емтиханның ұзақтығы:** 2 сағат уақыт беріледі.

**Емтихан тапсыруды бақылау:** Емтихан өткізілетін аудиторияда емтиханды жазу барысы Жағдаяттық орталық бөлімі тарапынан бейне бақылау арқылы қадағаланады.

**Емтиханды өткізу тәртібі:** Жазбаша емтихан өткізу мерзімі мен уақыты арнайы емтихан кестесіне сәйкес анықталады.

1. Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студенттер өздерінің жеке бастарын куәландыратын құжаттарын көрсетуі тиіс, емтихандағы кезекші студенттің емтиханға келгендігіне көз жеткізіп, емтиханға келу парағына студенттің қолын қоюын қадағалайды.

2. Емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын топтың барлық студенттері емтихан өтетін аудиторияда болуы тиіс. Емтиханға кешігіп келген студент емтиханға жіберілмейді. Себепті жағдайлар бойынша емтиханнан қалған студенттерге «I» (Incomplete) бағасы қойылып, растаушы құжаттармен дәлелденген болса ғана кейін қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі

3. Емтихан басталғаннан кейін екі сағат бойы студент билет сұрақтары бойынша жауаптарын жазып, емтихан кезекшісіне өткізеді. Емтихан кезекшісі студенттердің жауаптары жазылған емтихан парақтарын деканатқа өткізеді.

Емтиханның жауап парақтарын оқытушы тексеріп, бағалайды, деканат мамандарының көмегімен жауап парақтарында көрсетілген кодтарына сәйкес аты-жөнін анықтап, универ жүйесінде баллдарды сақтайды. Емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде студенттердің баллдары сақталуы тиіс.

**Емтиханды тапсыру кезінде студенттер меңгеруі тиіс:**

- активтердің, міндеттемелердің және бюджет қаражаттарының аудитін жүргізуде, сонымен қатар қаржылық ақпараттар ағымын жинау, өңдеу және дайындауда базалық білімдерін пайдалану
- нақты ситуация мысалында қаржылық сипаттағы ақпаратты квазимемлекеттік секторда мемлекеттік аудит мақсатында есептік тіркеу, бағалауды шешу
- компанияның қаржылық есептілігінде ұсынылатын ақпараттардың Халықаралық қаржылық есеппен аудиттің стандарттары талаптарына сәйкес интерпретациялануы
- мемлекеттік аудитті жүргізумен ағымдағы жылға мемлекеттік аудит объектілерінің тізімін қалыптастыру процедураларын жүзеге асыру жолдарын интерпретациялау

**ЕМТИХАН ТАПСЫРУҒА АРНАЛҒАН БИЛЕТТЕР ТӨМЕНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ:**

1. Мемлекеттік аудиттің мәні мен мазмұны
2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты мен міндеттері және түрлері
3. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың негізгі принциптері
4. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы мемлекеттік реттеу
5. Мемлекеттік аудиттің рәсімдік негіздері
6. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттар
7. Қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің ерекшеліктері
8. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметінің өзге де бағыттары
9. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін талдау
10. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қатысушыларының құқықтағы мен міндеттері және мемлекеттік аудитор біліктілігін алуға үміткер адамдарды аттестаттау
11. Санақ комиссиясының қызметін ұйымдастыру
12. Тексеру комиссиясының қызметін ұйымдастыру
13. Ішкі аудит қызметтерінің қызметін ұйымдастыру
14. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

### **ПӘН БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАЛЫҚ СҰРАҚТАР:**

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңда пайдаланылатын ұғымдар
2. Аудиттің мәні мен мазмұны.
3. Қаржылық бақылаудың мәні мен мазмұны
4. Мемлекеттік аудиттің мақсаттары мен міндеттері және түрлері
5. Мемлекеттік аудиттің типтері
6. Мемлекеттік аудит көрсеткіштері
7. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың негізгі принциптері
8. Бұзушылықтар сыныптауышы
9. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттары
10. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесі
11. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Есеп комитетінің құзыреті
12. Тексеру комиссиясының құзыреті
13. Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның құзыреті
14. Ішкі аудит қызметінің құзыреті
15. Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңес
16. Мемлекеттік аудитті жүргізу рәсімі
17. Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру
18. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану
19. Аудиторлық дәлелдемелер
20. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының талаптары
21. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттар
22. Қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің ерекшеліктері
23. Сапа бақылауы
24. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттардың мониторингі
25. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарының сараптамалық-талдау қызметі
26. Алдын ала бағалау
27. Ағымдағы бағалау
28. Кейіннен бағалау

29. Камералдық бақылау
30. Камералдық бақылау нәтижелері анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама
31. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін талдау
32. Халықаралық ынтымақтастық
33. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқор
34. Мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру
35. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері
36. Мемлекеттік аудит объектісі басшысының құқықтары мен міндеттері
37. Мүдделер қақтығысы
38. Мемлекеттік аудитордың біліктілігін алуға үміткер адамдарды аттестаттау, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру
39. Есеп комитетінің құрамы
40. Есеп комитетінің және оның лауазымды адамдарының тәуелсіздігінің кепілдіктері
41. Санақ комиссиясының лауазымды тұлғалармен, мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылының негіздері
42. Тексеру комиссиясының құрамы және құрылу тәртібі
43. Тексеру комиссиясы төрағасының, тексеру комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктері
44. Тексеру комиссияларының қызметін ұйымдастыру
45. Тексеру комиссиясының және оның лауазымды тұлғаларының тәуелсіздігінің кепілдіктері
46. Тексеру комиссияларының мемлекеттік органдармен өзара қызмет көрсетудің негізі
47. Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігінің кепілдіктері
48. Ішкі бақылау жүйесі
49. Мемлекеттік орган басшысының ішкі аудит қызметімен өзара іс-қимылы
50. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік
51. Бұзушылықтар классификаторы

### **ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАРДЫ БАҒАЛАУ САЯСАТЫ КЕЛЕСІДЕЙ БӨЛІНЕДІ:**

- бірінші сұрақ – 30 балл
- екінші сұрақ – 30 балл
- үшінші сұрақ – 40 балл

Жауаптар үшін студент жалпы 100 балл жинай алады. Барлық емтихан сұрақтары бойынша бағалау шкаласы төменде келтірілген:

А 100-95: сұрақтарға логикалық тұрғыдан дұрыс жауап берді; теориялық ережелерді нақты мысалдар арқылы көрсете білді; ғылыми терминологияны дәл қолданғанын көрсетті; тәжірибелік тапсырманы толық көлемде орындады.

А 94-90: сұрақтарға жауапты сауатты, логикалық дұрыс жауап берді; тәжірибелік

тапсырманы толық көлемде орындады; ғылыми терминологияны қолдану кезінде білім беру материалын білмегендіктен немесе дұрыс түсінбегендіктен туындаған кейбір қателіктер немесе дәлсіздіктер жіберді.

В<sup>+</sup> 89-85: сұрақтарға дұрыс жауап берді; теориялық ережелерді нақты мысалдармен бейнелеу қабілетін көрсетті; тәжірибелік тапсырмаларды толық емес көлемде орындады.

В 84-80: жауаптың логикалық және ақпараттық мазмұнын бұрмаламаған ұсақ олқылықтар бар; тәжірибелік тапсырмаларды орындауда ұсақ дәлсіздіктер мен қателіктер жіберілді.

В<sup>-</sup> 79-75: ғылыми терминологияны қолдану кезінде қателіктер немесе екіден көп кемшіліктер жіберілді; тәжірибелік тапсырмаларды толық емес көлемде орындады.

С<sup>+</sup> 74-70: материалдың мазмұны толық немесе дәйекті түрде ашылмаған, мәселені жалпы түсінген кезде ұғымдарды анықтауда, терминологияны қолдануда қиындықтар немесе қателіктер болды.

С 69-65: жаңа жағдайларға теорияны қолдана алмады; тәжірибелік тапсырманы орындауда теорияны қолдана алмады.

С<sup>-</sup> 64-60: теориялық материалдарды жеткілікті білмейді; негізгі дағдылар мен қабілеттердің жеткіліксіз қалыптасуы анықталды.

Д<sup>+</sup> 59-55: оқу материалының негізгі мазмұны ашылды; оқу материалының көп немесе маңызды бөлігін білмеу немесе түсінбеу анықталды.

Д 54-50: тапсырмаларды орындау кезінде қателіктерге жол берген, оларды жою үшін қажетті білімі жоқ студенттерге қойылады.

Ф 0-49: жауап студенттің тексерілетін пән бойынша міндетті білімі мен дағдыларының толық жетіспеушілігін көрсетті.

#### **ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1.«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V

2.Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту  
Астана: Әділет, 2013.

3.Бейсенова Л.З. Мемлекеттік сектордағы қаржылық бақылау,|2015 Мемлекеттік аудит // Астана, 2016.

4.А.Н.Игликова, Ж.А.Жамаш, А.Ш.Раманова Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит жүргізетін тексерулерді зерттеу// М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан, 2016.

5.Акатаева И.К., Байрамова Г.Ш., Бектурова А.Т., Болдурукова Л.Ж., Салимова М.К., Топаева А.К. Аудит финансовой отчетности – Астана: АО «Финансовая академия», 2016.- 86 с.

6.Топаева А.К., Байрамова Г.Ш., Акатаева И.К. Аудит соответствия: учебное пособие – Астана:АО «Финансовая академия», 2016.- 134 с.

Интернет-ресурстары:

1. [www.audit.kz](http://www.audit.kz), ,

2. [www.paragraf.kz](http://www.paragraf.kz),

3. <http://online.zakon.kz>

4. <http://audit.kdt.kz/>